

Банктердің жарғылық қорларындағы мемлекеттік қаражат үлесін шектеуді жою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 12 сәуір 1994 ж. N 1649

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ негізінде және мемлекеттің банктер акцияларына салған қаражатын басқаруды жақсарту мақсатында қаулы етемін:

1. Банктердің акцияларына салынған мемлекеттік қаражатқа құрылтайшылардың біреуінің банктің жарғылық қорындағы отыз бес процент шегінде болатын үлесімен шектеу қолданылмасын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Жоғарғы

Кеңесінің қарауына енгізсін.

3. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанша қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы, 1994 жылғы 12 сәуір

N 1649